

**Шора мазары.** Ауызекі сөзде Майшора атанып кеткен. Біреудің ұзатылайын деп отырған жалғыз қызы екен. Әкесінің малын айдап әкетіп бара жатқан ұрыларды қуып жеткенде оның қыз екенін білмеген сойқандының қолынан қазаға ұшыраған. Мазардың ішінде арнайы салынған отау бейіт те бар. Ішінде бесік те тұрушы еді, әлдекімдер сындырып кетіпті. 2015 жылы жөндеуден өтті. Сыртындағы көктасқа

Тағдырдың жалған осылай екен кесімі,
Зиратта жатыр аңсаулы болған бесігі.
Қатеден тиген сойылдан мәңгі көз жұмған,
Арудың бізге жетпей де қалған есімі, - деген бір шумақ өлең жазылған.

Шет шұғыласы. - 2021. - 19 тамыз (№33). - 7 б.